Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы
«Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК

Қамқоршылар кеңесі отырысының
№ 1 хаттамасы

10.10.2022

**Қатысқандар:**
**Қамқоршылар Кеңесінің мүшелері:**

1. Куатбеков Куаныш Омурзакович – Атбасар ауданы әкімінің орынбасары
2. Тасмагамбетова Роза Мурзабековна – Атбасар ауданы кәсіпкерлер филиалының директоры
3. Токарев Михаил Александрович – жеке кәсіпкер, Атбасар аудандық маслихатының депутаты
4. Токжуманова Самал Сериковна – Атбасар ауданы полиция басқармасының қызметкері
5. Абинова Ботагоз Жалеловна – колледждің әлеуметтік серіктесі, жеке кәсіпкер
6. Сайдуллаева Анна Руслановна –колледждің әлеуметтік серіктесі, жеке кәсіпкер
7. Жунусова Гусни Омурбековна – 2 курстың ата-аналар қауымдастығының өкілі.

**Шақырылғандар:** «Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледжі» МКҚК басшысы Владимир Валентинович Лукин, басшының ОӨЖ, ОТЖ, ОӘЖ жөніндегі орынбасарлары.

**Қатыспағандар – 5**
Дәлелді себептермен – 5

**Күн тәртібі:**

1. Оқу орнының мемлекеттік аттестаттауға қатысуы (колледж басшысы В.В.Лукин).
2. 2022-2023 оқу жылына Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің тізімін бекіту (басшының ОТЖ жөніндегі орынбасары Т.П.Толкумбекова)
3. Келісім-шарттар жасау және студенттердің серіктес кәсіпорындармен дуальды және мақсатты оқытудың бағдарламаларын бекіту (басшының ОӨЖ жөніндегі орынбасары В.А.Зардиева)

**Отырыс барысы:**

Бірінші сұрақ бойынша колледж басшысы Владимир Валентинович Лукин сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінен хат алынғанын түсіндірді, онда «Білім туралы» ҚР Заңының 1-бабының 44-1-

тармақшасына сәйкес мемлекеттік аттестаттау - білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім. Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 бабының 1 тармағына сәйкес білім беру ұйымын аккредиттеу ерікті негізде жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы Заңының 59 бабының 4 тармағына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өткен білім беру ұйымдары аккредиттеу мерзіміне мемлекеттік аккредиттеуден босатылады. Аталған норма Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 08 қаңтардағы № 410-VI Заңына сәйкес әрекет етеді. 2023 жылғы қаңтардан бастап техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мемлекеттік аттестаттау өтеді. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы бар білім беру ұйымдарына ғана берілетін болады.

**Шешім:** Оқу орны Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2-тармақшасына сәйкес білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін құжаттама дайындауды бастасын.

Екінші мәселе бойынша Т.П.Толкумбекова сөз сөйлеп, қатысушыларды Қамқоршылар Кеңесі туралы Ереженің 8-тармағына сәйкес, Қамқоршылар Кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жыл екенін, оқу орнының интернет ресурстарында «Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледжі» МКҚК Қамқоршылар Кеңесі құрамына қабылдау туралы хабарландыру орналастырылғанын хабарлады.

**Шешім:** ақпарат назарға алынсын.

Үшінші сұрақ бойынша ОӨЖ жөніндегі орынбасар В.А.Зардиева сөйлеп, қатысушыларды дуальды оқыту бойынша келісім-шарттар жасасу туралы таныстырды. ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 196 бұйрығы мен РУМС-тың 2017 жылғы 31 наурыздағы № 1 және 2017 жылғы 16 маусымдағы № 2 хаттамаларына, РҚ Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы НОП-ты енгізу туралы № 484 Қаулысына, «Ақмола облысы білім басқармасы» ММ 2014 жылғы 19 тамыздағы № 251 және 2016 жылғы 17 қазандағы № 269 бұйрықтарына сәйкес колледж **1109000** «Токарьлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)» және **0508000** «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша даульды оқытуды енгізу бойынша эксперименттік алаңқай болып табылады. Колледж бен «Атбасар электровоз жөндеу зауытының» филиалы «Қамқор Локомотив» ЖШС, «Аждар и К» ЖШС-і арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық

туралы 2 меморандум жасалды. Кәсіптік теориялық және өндірістік оқытуды жүзеге асыру бойынша төрт келісім-шарт жасалды: колледж және Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасы, «Атбасар электровоз жөндеу зауытының» филиалы «Қамқор Локомотив» ЖШС, «Аждар и К» ЖШС, «ҚТЖ» ҰК «Ірілендірілген Атбасар жол қашықтығы» АҚ, «Жолаушыларды тасымалдау» ЖШС арасында. Сондай-ақ, топтардың білім алушыларымен де келісім-шарттар жасалды.

Аталған жоба аясында оқу тәжірибесі тікелей кәсіпорында оқудан қол үзбей өткізіледі. Жұмыс оқу бағдарламалары алдын-ала кәсіпорындармен келісіледі. Оқу үдерісі мен білім алушылардың болашақ мамандықтары арасында тікелей байланыс іске асырылады. 2022 жылы «Папушина А.В.» ЖК-мен мақсаттық дайындыққа 5 (бес) келісім-шарт жасалды.

**Шешім:** Ақпарат назарға алынсын. Атбасар ауданы бойынша кәсіпкерлер Палатасы филиалымен мақсатты оқыту бойынша келісім-шарттар жасауға дайын кәсіпорындармен жұмыс жасалсын.

ҚК төрағасы М.А.Токарев М.А.- zoom режимінде
Қамқоршылар Кеңесінің мүшелері:

Куатбеков Куаныш Омурзакович - zoom режимінде

Тасмагамбетова Роза Мурзабековна - zoom режимінде

Токжуманова Самал Сериковна - zoom режимінде

Абинова Ботагоз Жалеловна - zoom режимінде

Сайдулаева Анна Руслановна - zoom режимінде

Жунусова Гусни Омурбековна - zoom режимінде

ҚК хатшысы ____________________ Толкумбекова Т.П